



**№ 2 (38)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
И.Қ. Елеусізова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасының Әділет министрі
Б.М. ИМАШЕВТЫҢ 2015 жылғы 13 мамырдағы Парламент
Мәжілісінің жалпы отырысында «Жеке детективтік қызмет
туралы» Заң жобасы бойынша сөйлеген сөзі 7

Қазақстан Республикасының Әділет министрі Б. ИМАШЕВ-
ТЫҢ «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттер-
дің құқық үстемдігі идеясы» атты ғылыми-практикалық
конференцияда сөйлеген сөзі (Ресей, Санкт-Петербург қ.,
2015 жылғы 26 мамыр) 10

2015 жылғы 15 мамырда «Қазақстан Республикасы
салалық заңнамасы дамуының конституциялық негіздері»
тақырыбында Н.А.Шәйкеновті еске алуға арналған
(«Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияда Қазақстан Республикасы Әділет министрінің
орынбасары З.Х. БАЙМОЛДИНАНЫҢ алғы сөзі. 13

Конституциялық және әкімшілік құқық 15

М.А. СӨРСЕМБАЕВ Алматы қаласындағы төтенше жағдай-
лар тәуекелін қаржылық құралдар мен заңнамалар арқылы
төмендету 15
Ж.А. ХАМЗИНА, Е.А. БӨРІБАЕВ, А.Т. ЕРМЕКОВ Әлеуметтік
қарым-қатынастарды конституциялық-құқықтық реттеу 22
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Өзін-өзі билеуге орай
«ұлт құқығы» мен «халықтар құқығы» ұғымдарын теориялық-
құқықтық талдау 30
М.И. ЖҰМАҒҰЛОВ Қазақстан Республикасының әкімшілік
сот ісін жүргізу туралы кодекс жобасын әзірлеу жолында:
әкімшілік сот ісін жүргізу саласында сыбайлас жемқорлық
профилактикасы 36

Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы 43

И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ҚАЛКЕНОВА Мүлікті меншікке
беру шарттарының жекелеген түрлері ретінде айырбас және
сыйға тарту шарттарын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері 43
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Ресей мен Қазақстандағы балаларды
қолдау саласындағы жағдайды талдау: проблемалар және
стратегия 48
Е.Н. НҮРҒАЛИЕВА, М.Х. ХАСЕНОВ Қазақстан Респуб-
ликасындағы еңбек қатынастарын ырықтандырудың құқық-
тық мәселелері 56

Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу 64

А.Н. АХПАНОВ, А.О. БАЛҒЫНТАЕВ Қылмыстық процестік келісімді құқықтық реттеудің олқылықтары	64
Р.А. ОРСАЕВА Кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын-алуда отбасының алатын орны (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттама)	68
В.Н. ЖАМУЛДИНОВ Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Герман Федеративтік Республикасы заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы ..	75
А.Ш. АККУЛЕВ Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-атқару кодексіндегі бостандықтан айыру орындарының атауын өзгерту мәселелері	79

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану 83

Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (Минск қ.) Сот актілерін орындау кезінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің келісімдері мен ұлттық заңнаманы сәйкестендірудің маңызы (ТМД Экономикалық Сотының құқық қолдану практикасының мысалдарында)	83
А.Ж. САҒИДАН, М.Е. ЖҰМАБАЕВА Шет елдерде автономды мемлекеттік қызметтің жұмысын ұйымдастыру.....	93
Ж.И. ИБРАГИМОВ Заң жобаларына сараптама жүргізудің құқықтық реттелуі	99

Құқықтық мониторинг 105

Т.С. САФАРОВА Құқықтық саясаттың кейбір теориялық мәселелері: Қазақстан Республикасы және шетелдік тәжірибе	105
А.К. ҚАНАТОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Қылмыстық-құқық сипаттағы қоғамдық қауіпсіздік (жаңа енгізілім мониторингі)	110
А.Д. ЖҮСПОВ Салық органдарының және олардың лауазымды адамдарының келтірген залалын өтеу ерекшеліктері	118
З.Ғ. ҚАЗИЕВ Қазақстан Республикасында құқықтық мониторингті жетілдірудің кейбір мәселелері	123

Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен 127

М.А. АЙЫМБЕТОВ Терминдердің заң лексикасымен және стилімен үйлесімі	127
Б.А. ШОЛАН, М.Б. АСЫЛБАЕВ Заңнама мәтінінде терминдер мен сөз тіркестерін нақты әрі дәлме-дәл қолданудың шарттары	131

Шетелдік тәжірибе 136

Р.В. КИМЛЫК (Ирпень қ., Киев облысы) The special status of minors subject of administrative responsibility (Әкімшілік жауаптылық субъектісі болып табылатын кәмелетке толмаған-дардың ерекше мәртебесі)	136
Н.В. КИМЛЫК (Ирпень қ., Киев облысы) Criminalistic methods of investigating crimes, which are related to corruption (Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстарды тергеудің криминалистикалық әдістемесі)	142
Н.А. ЖЕРЖ (Ирпень қ., Киев облысы) Application of forensic psychological portraits in investigating specific types of crime (Қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу барысында психологиялық-криминалистикалық портрет әдісін қолдану)	147

Жас ғалым мінбері 153

С.К. КҮМІСБЕКОВ Девиантты мінез-құлық ұғымы туралы	153
К.Р. ТҮСІПБЕКОВ Қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесіндегі жедел іздестіру қызметінің нәтижелерін пайдаланудың кейбір аспектілері	160
А.З. АМАНҒАЛИЕВА Факторинг қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы	164
Ж.А. МАМИТОВА Бюджеттік қаражатты мақсатсыз пайдаланудың криминализациялануы туралы	172

Е.А. ОМАРОВ Қазақстанда қылмысқа қарсы күресте өзара көмек көрсету институтының пайда болуының алғышарттары	176
М.Н. АБИЛОВА Халықаралық жеке құқықтағы заңды айналып өтуге тыйым салатын норманың мәні туралы мәселеге	182
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА Ғарышта қару-жаракты орналастырғаны үшін халықаралық-құқықтық жауапкершілік	188
А.Ж. САДЫҚОВ Квазимемлекеттік сектор қызметі саласындағы халықаралық тәжірибе...	192
Б.Н. БЕЙСЕНАЛИЕВ Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері үшін жауапкершілік мәселелері бойынша шетелдік заңнаманы талдау	196
<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	202
2015 ж. 15 мамырда Астана қ. өткізілген «Қазақстан Республикасы салалық заңнамасы дамуының конституциялық негіздері» атты Н.А. Шәйкеновты еске алуға арналған («Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	202
<i>Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері</i>	205



**№ 2 (38)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
И.К. Елеусизова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Выступление Министра юстиции Республики Казахстан Б.М. ИМАШЕВА на пленарном заседании Мажилиса Парла- мента 13 мая 2015 года по рассмотрению проекта Закона «О частной детективной деятельности»	7
Выступление Министра юстиции Республики Казахстан Б.М. ИМАШЕВА на научно-практической конференции «Идея верховенства права в государствах-членах Шанхайской организации сотрудничества» (26 мая 2015 г., г. Санкт- Петербург, Россия)	10
Приветственное слово заместителя Министра юстиции Республики Казахстан БАЙМОЛДИНОЙ З.Х. на международной научно-практической конференции «Конституционные основы развития отраслевого законодательства Республики Казахстан», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения») 15 мая 2015 года.	13
Конституционное и административное право	15
М.А. САРСЕМБАЕВ Снизить риски чрезвычайных ситуаций в городе Алматы посредством финансов и законов	15
Ж.А. ХАМЗИНА, Е.А. БУРИБАЕВ, А.Т. ЕРМЕКОВ Консти- туционно-правовое регулирование социальных отношений ..	22
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ Теоретико-правовой анализ понятий «право наций» и «право народов» на само- определение	30
М.И. ЖУМАГУЛОВ На пути формирования проекта Кодекса Республики Казахстан об административном судопроизводстве: профилактика коррупции в области административного судопроизводства.....	36
Гражданское и гражданско-процессуальное право	43
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. КАЛКЕНОВА Некоторые про- блемы правового регулирования договоров мены и дарения как отдельных видов договоров по передаче имущества в собственность	43
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА Анализ ситуации в сфере алиментов на детей в России и Казахстане: проблемы и стратегия	48
Е.Н. НУРГАЛИЕВА, М.Х. ХАСЕНОВ Правовые вопросы либерализации трудовых отношений в Республике Казахстан	56

Уголовное право и уголовный процесс	64
А.Н. АХПАНОВ, А.О. БАЛГЫНТАЕВ Пробелы правового регулирования уголовно-процессуального соглашения	64
Р.А. ОРСАЕВА Роль семьи в предупреждении правонарушений несовершеннолетних (уголовно-правовая и криминологическая характеристика)	68
В.Н. ЖАМУЛДИНОВ Уголовная ответственность несовершеннолетних по законодательству Республики Казахстан, Российской Федерации и Федеративной Республики Германии	75
А.Ш. АККУЛЕВ Вопросы наименования мест лишения свободы по новому Уголовно-исполнительному кодексу Республики Казахстан	79
Международное право и сравнительное правоведение	83
Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (г. Минск) Значение соотношения соглашений государств-участников СНГ и национального законодательства при исполнении судебных актов (на примерах правоприменительной практики Экономического Суда СНГ)	83
А.Ж. САГИДАН, М.Е. ЖУМАБАЕВА Организация деятельности автономной государственной службы в зарубежных странах	93
Ж.И. ИБРАГИМОВ Правовое регулирование проведения экспертизы законопроектов	99
Правовой мониторинг	105
Т.С. САФАРОВА Некоторые теоретические вопросы правовой политики: Республика Казахстан и зарубежный опыт	105
А.К. КАНАТОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Общественная безопасность в уголовно-правовой оболочке (мониторинг нововведений)	110
А.Д. ЖУСУПОВ Особенности возмещения вреда, причиненного налоговыми органами и их должностными лицами	118
З.Г. КАЗИЕВ Некоторые вопросы совершенствования правового мониторинга в Республике Казахстан	123
Из практики законотворчества на государственном языке	127
М.А. АЙЫМБЕТОВ Гармонизация терминов в аспекте законодательной лексики и стилистики	127
Б.А. ШОЛАН, М.Б. АСЫЛБАЕВ Условия точного применения терминов и словосочетаний в законодательстве	131
Зарубежный опыт	136
Р.В. КИМЛЫК (г. Ирпень Киевская обл.) The special status of minors subject of administrative responsibility (Особый статус несовершеннолетних субъекта административной ответственности)	136
Н.В. КИМЛЫК (г. Ирпень Киевская обл.) Criminalistic methods of investigating crimes, which are related to corruption (Криминалистическая методика расследования преступлений, связанных с коррупцией)	142
Н.А. ЖЕРЖ (г. Ирпень Киевская обл.) Application of forensic psychological portraits in investigating specific types of crime (Применение метода психолого-криминалистического портрета при расследовании отдельных видов преступлений)	147
Трибуна молодого ученого	153
С.К. КУМИСБЕКОВ О понятии девиантного поведения	153
К.Р. ТУСУПБЕКОВ Некоторые аспекты использования результатов оперативно-розыскной деятельности в процессе доказывания по уголовным делам	160
А.З. АМАНГАЛИЕВА Законодательство Республики Казахстан, регулирующее факторинговые отношения	164

Ж.А. МАМИТОВА О криминализации нецелевого использования бюджетных средств	172
Е.А. ОМАРОВ Предпосылки зарождения института взаимопомощи в борьбе с преступностью в Казахстане	176
М.Н. АБИЛОВА К вопросу о значении нормы, запрещающей обход закона в международном частном праве	182
Д.Ж. СМАГУЛОВА Международно-правовая ответственность за размещение оружия в космосе	188
А.Ж. САДЫКОВ Зарубежный опыт в сфере деятельности квазигосударственного сектора...	192
Б.Н. БЕЙСЕНАЛИЕВ Анализ зарубежного законодательства в вопросах ответственности за отдельные виды уголовных правонарушений против личности	196
Информационные сообщения	202
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Конституционные основы развития отраслевого законодательства Республики Казахстан», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 15 мая 2015 года	202
Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова	205



Күмісбеков Серікқазы Күмісбекұлы,
*Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының PhD докторанты,
құқықтану магистрі, полиция майоры*

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ ТУРАЛЫ

Қоғамдағы мінез-құлықты реттеудің негізі – сол уақыттың құндылықтар жүйесінен тұратын әлеуметтік нормалар болып табылады. Қазіргі уақыттағы жаһандану мен әртүрлі болып жатқан өзгерістер өмірдің барлық саласына сызат түсірді. Бұл өзгерістер мәдениеттің және рухани өмірдің дамуына кері әсер етті, девиантты мінез-құлықтың мәселесін зерттеудің өзектілігін арттырды.

Шетелік және отандық әдебиеттерде «девианттылық» термині біз зерттеп отырған тақырып бойынша көптеп кездеседі. Бұл әдебиеттерде «девиантты (ауытқыған) мінез-құлық», «девиация (ауытқу)», «девианттылық» деп кездеседі. Сонымен қатар, мынандай түсініктерді де кездестіруге болады: «патология» және «ауытқушылық мінез-құлық», «асоциальді» немесе «антисоциальді мінез-құлық». Ал психология ғылымы бойынша бұл терминдерді «депривация», «перверсия» және т.б. толықтырады. Осы терминдердің көп болғандығымен жалпыға бірдей ортақ түсінік қалыптаспаған.

Оған мынандай себептер бар. Біріншіден, девиантология ғылымы – салыстырмалы алғанда ғылымның жаңа саласы болып табылады және терминдер түсінігі енді дамуда. D. Downes пен P. Rock 1998 жылғы өздерінің еңбектерінде девианттылық социология кейінгі он жылдықтарда ғана өте белсенді дамып келеді және олардың нәтижелері пікір-таластар тудыруда деп жазған. Олардың ойынша, тек XX ғасырдың 90-шы жылдары ғана девианттылық социология «ғылым» ретінде қалыптасты. Бұл ғалымдардың көзқарасы бойынша, девианттылық социологиясы - тәуелсіз социологиялық нұсқаларды жинайтын, әлі тұрақты қалыптаспаған (coherent – байланыстыратын) ғылым [1]. Екіншіден, тіпті ежелден қалыптасқан ғылымдардың өздерінде

де түсініктер туралы және оның анықтамасы туралы пікір-таластар тіпті ғасырлар бойы жалғасып келеді. Үшіншіден, әлеуметтік құбылыстардың өте күрделілігі, олардың өзгеріп отыруы және оларды әлеуметтік шындық жағдайында анықтау қиын болады. Төртіншіден, ешбір анықтама шындығына келгенде, «жылғыз нұсқа» және «нақты» бола алмайды.

Сонымен қатар, зерттелетін пәндегі сөздің, түсініктің, анықтаманың мағынасын анықтап алмай тақырып бойынша зерттеу жүргізу мүмкін болмайды.

Осы уақытқа дейін девиантологияда кең таралған термин «девиантты мінез-құлық» (deviant behavior) болды. Девиантты немесе ауытқушы (латын тілінде *deviatio* - ауытқу) мінез құлық әрқашан қоғамда қалыптасқан құндылықтарға, ережелерге (нормаларға) және мінез-құлық стереотипіне сәйкес келмейтін адамның қандайда бір әрекетімен байланыстырылады. Бұл формальді (құқықтық) немесе формальді емес (адамгершілік, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, сән қуу) нормаларды бұзу ғана болып табылмайды, сонымен қатар, қоғамға, ортаға, топқа жат болып келетін «девиантты» өмір сүру және «девиантты» мінез-құлық стилі де жатады.

Девиантты мінез-құлықтың көп қырынан көрініс беруі және қоғамның, топтың, субмәдениеттің нормалары мен құндылықтарына «қалыпты» немесе «ауытқушылық» деп баға беруіне байланысты девиантты мінез-құлықтың тұрақты немесе нақты анықтамасын беруді қиындата түседі.

Отандық ғалымдар Б.А. Жетпісбаев пен О.А. Бектенов, адамның мінез-құлқы ұдайы даму үстінде болтынын айта келе, «адамның тәні туғаннан бастап қартайғанға дейін ұдайы өзгереді, сол сияқты мінез-құлықта ешуақытта қандай да бір тиянақты деңгейге

жетіп тоқтамайды. Мінез-құлық пен тән дамуы өзара тығыз байланысты және олардың кейбір кезеңдері біріне-бірі едәуір сәйкес келеді», [2, 103 б.] - деген пікірге тоқталады.

Ал профессор Г.Р. Рүстемова девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына әлеуметтік себептер емес, субъективті себептер әсер етеді деп көзқарасын білдіреді. Оның ойынша, «адам, бәрінен бұрын биологиялық тұлға, сонан кейін барып әлеуметтік тұлғаға айналады. Сондықтан да оның мінез-құлқын көптеген азаматтарға тән ортақ объективтік (әлеуметтік) себептер (жұмыссыздық, кедейлік т.б.) емес, ақыл-ой, сезім, ерік, табиғат заңдарын, қоғамдағы өз орны танымы сияқты субъективтік себептер анықтайды. Әлеуметтік тұлға өзіне қажет нәрсеге бейімделеді, оны өзі өндіреді» [3, 84 б.].

Профессор К.И. Джаянбаев: «девиантты мінез-құлықты «фондық» құбылыс деп атап, оған нашақорлық, арақ ішу, қаңғыбастық, жезөкшелікті және т.б. жатқызады. Бұл құбылыстар қылмыстылыққа әсер етеді және қылмыстылықтың басқа да жағымсыз құбылыстармен байланыстылығы бар», - деп есептейді [4, 14 б.].

А. Коэннің (А. Cohen) ойы бойынша, «девиантты мінез-құлық – бұл институцияланған үміттермен қатар жүретін мінез-құлық, яғни әлеуметтік жүйе ішіндегі заңды мойындайтын және қолдау білдіретін үміттер» [5, 520-521 б.]. Девиантты мінез-құлық деп нормалар мен рөлдерге сәйкес келмеушілікті де жатқызады. Кейбір әлеуметтанушылар мінез-құлықты есептеу нүктесін анықтау үшін («норманы») үміт артуды (экспектация) қолданса, басқалары мінез-құлықтың үлгісі мен эталонын қолданады. Ал кейбір зерттеушілер (Higgins P., Butter R.) девиантты деп тек адамның әрекеті ғана емес, олардың идеялары мен көзқарастары да жатуы мүмкін деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, девиантты мінез-құлықты қоғамның реакциясыменде байланыстырады және девиация ретінде «топтың нормасынан ауытқу, яғни ол бұзушыға қарсы жекеленуге, емдеуге, түрмеге отырғызуға немесе басқада жазалауға алып келеді» [6, 203 б.]. Профессор Я.И. Гилинский девиантты мінез-құлыққа мынандай: «девиантты мінез-құлық – бұл қоғамда (мәдениетте, субмәдениетте, топта) ресми тұрақтаған немесе қалыптасқан нормалар мен үміттерге сәйкес келмейтін адамның әрекеті», - деп анықтама береді [7, 23 б.]. Ғалымның ондағы «ресми тұрақтанған» деген мағанаға формальді, құқықтық нормаларды жатқызса, қалыптасқан

нормаға адамгершілік, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты жатқызады.

Кейбір отандық ғалымдар, нақтырық айтсақ, Н.З. Султанова: «Өсіп келе жатқан жасөспірімдердің ауытқушылық мінез-құлықтың бір себебі зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенді синдромы (СДВГ) болуы мүмкін», - деп есептейді [8].

Алғашында «девиантты мінез-құлықтың» мағанасын анықтауда жекелеген мінез-құлық актісінің немесе әлеуметтік феномені ретінде қолданылды. Кейінгі кездері оның мағанасын анықтау үшін «девиация» («ауытқу»), девианттылық немесе «әлеуметтік девиация» («әлеуметтік ауытқу») терминдері пайдалана бастады.

Әлемдік девиантологиялық әдебиеттердің басым бөлігі ағылшын тілінде жазылған. Бұл әдебиеттерде әлеуметтік құбылысқа сипаттамалар беріліп, «ауытқушылық» сипаттау үшін көбінесе deviance («девианттылық») сөзі пайдаланылады.

Енді осы девианттылыққа берілген кейбір анықтамаларға тоқтала кетейік (deviance): «қоғамның жарамды (рұқсат етілген, қабылданған) стандарттарынан немесе нормаларынан өзгешелік» (McCaghy Ch., Carpon T. 1994); «күш қолдану немесе мінез-құлық арқылы әлеуметтік сөгіс білдіру, өйткені ол топтың үміті мен нормасынан ауытқиды» (McCaghy Ch., Carpon T., Jamison J. 2000).

Қазіргі «Энциклопедия криминологии и девиантного поведения» (2001) атты еңбекте девианттылықты анықтаудың негізгі үш бағытын ажыратып көрсетеді: девианттылық норманы бұзатын мінез-құлық ретінде (R. Akers, M. Clinard, R. Meier, A. Liska, A. Thio); девианттылық «конструкцияны реттеуші» ретінде (D. Black, H. Becker, K. Erickson, E. Goode); девианттылық адам құқығының бұзылуы ретінде (H. Schwendinger, J. Schwendinger).

Атақты неміс криминологтары Н. Hess пен S. Scheerer көзқарасы бойынша, «қылмыстылық – онтологиялық құбылыс емес, ол тарихи және өзгермелі сипатты бар ойлау конструкция. Қылмыстылық толығымен бақылаушы институттармен конструкцияланады және нормаларды қалаптастырады. Қылмыстылық – әлеуметтік және тілдік конструкт» [9].

Әлеуметтік девиация, девианттылық – бұл адам қызметінің тұрақты жаппай қатысумен көрініс беретін және ресми тұрақтаған немесе қалыптасқан нормалар мен үміттерге сәйкес келмейтін әлеуметтік құбылыс.

Профессор Я.И. Гилинский өзінің еңбектерінде «асоциальді», «антисоциальді мінез-құлық», «ауытқушылық мінез-құлық», «әлеуметтік патология» терминдерінің девиантты мінез-құлыққа сәйкес келетінін немесе келмейтінін ашып көрсетеді. Әдебиеттерде кездесетін «асоциальді» және «антисоциальді мінез-құлық» терминдері девиантты мінез-құлықтың нақты мағанасын ашпайды, өйткені девиантты мінез-құлық әлеуметті және «қалыпты». Ал «ауытқушылық мінез-құлық» термині де толық ашпайтын сияқты. Кім оны ауытқытты деген сұрақ пайда болады? Термин «әлеуметтік патология» біздің ойымызша дұрыс емес. «Патология» сөзі гректің зардап шегу және оқу дегенді білдіреді. Текелей мағанасы тірі организмдеріндегі ауру процестері туралы ғылым дегенді білдіреді. Медицинада жүрек патологиясы, асқазан патологиясы, ақыл-ой дамуының патологиясы деген бар. Медициналық (анатомиялық, физиологиялық) терминнің әлеуметтік салаға әкеліп қосуы дұрыс емес [10, 28 б.]. Ғалымның бұл пікірімен біз толықтай қосыламыз.

Әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды сіңіру – тұлғаның әлеуметтенуінің негізі, ал норма – әлеуметтік бақылаудың негізі. Норма түсінігімен ауытқушылық түсінігі бірге; егер норма жоқ болса, онда одан ауытқушылық та болмайды. Сондықтан, жалпы қабылданған нормалардан ауытқу девиантты (ауытқушы) мінез-құлық деп атаймыз [11, 10 б.]

Норма түсінігі қандай да болмасын девиацияны зерттеуде маңызы зор. Норма өзгерістер кезеңінде тепе-теңдікте ұстап тұратын механизм болап табылады. Қоғамда бір уақытта бірнеше нормативті субмәдениеттер болады – ғылымидаң қылмыстыққа дейін.

Жалпы алғанда норма түсінігі ғылымда пікір-таластар тудыруда. Жаратылыстану мен әлеуметтік ғылымдарында норма жүйені сақтау мен өзгертудің өлшемі ретінде қарастырылады. Ю.А. Клейбергтің көзқарасы бойынша, «әлеуметтік норма – қоғамдық бірлестіктің (топ, ұйым, сынып, қоғам) қатынастарды реттеу мақсатында өз мүшелеріне қойылатын талаптар мен үміттердің жиынтығы» [12, 29 б.].

Әлеуметтік норма нақты қоғамда тарихи қалыптасқан индивидтің, әлеуметтік топтың, әлеуметтік ұйымның рұқсат етілген (міндетті) мінез-құлық арқылы көрініс табады. Биологиялық және физикалық процестер арқылы өтетін табиғи нормалардан айырмашылығы әлеуметтік нормалар адамдардың әрекеттері мен

санасының көрініс беруі арқылы қалыптасады.

Әлеуметтік нормалардың әртүрлі мазмұны мен формалары болады. Нормалар заңдарда, ережелерде, нұсқаулықтарда көрініс беруі мүмкін. Бірақта ол көбінесе қоғамдық санада, халықтық әдеп-ғұрыптарда, қоғамдық көзқараста кездеседі.

Табиғатымызда немесе шын әлеуметтік өмірде «қалыпты» немесе «девиантты» мінез-құлықтың түрлері мен формалары қолданыста болмайды. «Қалыпты» немесе «девиантты» мінез-құлықтың үлгілері, түрлері қоғамдағы дәл сол уақыттағы («осында және қазір») қалыптасқан әлеуметтік нормалар танылады.

Әлеуметтік мазмұнына байланысты ешқандай іс-әрекет «девиантты» болып табылмайды. Мысалы, есірткіні қолдану кейбір мелекетте «қылмыс» болса, каннабис өндірісі қазіргі Нидерланды да, көптеген Азиялық мемлекеттерде заңды және «қалыпты»; алкогольдік ішімдіктерді пайдалану мұсылман елдерінде «қылмыс» болып табылады; орта ғасырлық Голландияда темекі шегу өлім жазасына кесумен қорқытылған болатын; адам өлтіру ауыр қылмысқа жатса, соғыс кезінде адам өлтіру ерлікке жатқызылады.

Осыдан шағатын қорытынды, адам өмірі өзінің қажеттілігін қанағаттандыру бойынша онтологиялық процесс болып табылады. Адам шаршап бокал шарап немесе коньяк ішеді, немесе темекі тартады, немесе шай ішеді, немесе кокаин искейді, немесе марихуана тартады... Адам үшін бұлардың барлығы шаршағанды басу құралы. Осылардың алдыңғы төртеуі рұқсат етілсе, соңғы екеуі «девиантты», тіпті қылмыс болып, жазалауға жатады, әлеуметтік конструкцияның нәтижесі «осында және қазір» (шарап ішу мұсылман мемлекеттерінде тыйым салынған, марихуана Голландияда рұқсат етілген, темекі тарту Колумб заманында Испанияда тыйым салынған және т.б.).

В.Н. Кудрявцев әлеуметтік ауытқуға мынандай анықтама береді: «кең ауқымды, тұрақты және таралуы арқылы сипатталатын әлеуметтік нормалардың бұзылуы» [13]. Оның ойынша, жағымсыз кең ауқымды әлеуметтік құбылысқа маскүнемдік, қылмыстылық, бюрократизм, діни және идеялық фанатизм, тоталитаризм және т.б. жатады.

Девиантты мінез-құлық пен әлеуметтік девиация қоғамда екі жақты маңызға ие болуы мүмкін. Біріншісі, - жағымды (позитивті) – мінез-құлықтың ескі стандарттарынан айырып, оның деңгейін жоғарлататын жүйені дамыту

құралы. Бұған әлеуметтік шығармашылық (техникалық, ғылыми, әдеби, спорт және т.б.) жатады. Екіншісі, - жағымсыз (негативті) – қылмыстылық, нашақорлық, сыбайлас жемқорлық, терроризм және т.б.

Енді ең негізгі ұғымдарға тоқтала кетейік. Н. Бордың түсінігі бойынша, ұйымдастыру (тәртіптілік) және дезорганизация (тәртіптің бұзылуы), «норма» және «аномалия» (ауытқу), энтропия (хаос өлшемі) және негэнтропия (ұйымдастырушылық өлшемі) бірін-бірі толықтырып отырады. Бұлардың болуын біз жасыра алмаймыз, олар бір-бірімен тығыз байланысты және тек екеуін қатар зерттеу арқылы ғана зерттелетін процестерді түсіндіре аламыз. Осы екі аспектілерді зерттей келе, И. Пригожин: «бір тұтастықтың тәртіп пен тәртіпсіздік деген екі аспектісі болады және бізге әлемді әртүрлі қырынан танытады», - деген тұжырымдама жасады [14].

Осы ауытқулар жалпы барлық формаларды өзгертіп, «жылжымалы тепе-теңдікті» (А. Ле Шателе) немесе «тұрақты тепе-теңсіздікті» жүйелерін (Э. Бауэр) қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, өзгерулердің өзі эволюциялық (даму, жетілдіру, қалыптасу) және инволюциялық (әлсіреу, ыдырау) болуы мүмкін. Барлық тірі организмдердің дамуының тоқтайтынын (өлетінін) ескеретін болсақ, инволюциялық, энтропиялық процестердің болуы заңдылық және біз одан қашып құтыла алмаймыз.

Девиация жаратылыстың барлық түрлері мен деңгейіне тән. Қазіргі кездегі физика мен химияда ауытқушылықты флуктуация, биологияда мутация, ал социология мен психологияда девиация деп аталады.

Ескере кететін мынандай жағдайлар бар, біріншіден, ауытқушылық мінез-құлық мәселесі өте кең тараған. Екіншіден, ауытқушылық мінез-құлықтың нақты шекарасын анықтау қиын болады. Қоғамдағы өзгерістер норманың да өзгеруіне алып келеді де, сәйкесінше девиацияның түрлері де өзгереді. Бірақта норма және одан ауытқушылықта әлеуметтік жүйенің ажырамас бөлігі болып табылады. Соған байланысты әлеуметтік деңгейдегі ауытқушылық мінез-құлық – бұл қоғам мен тұлға арасындағы қарам-қатынастың бір түрі. Бір жағынан девиация қоғам үшін пайдалы, өйткені ол өзгерістердің дамуын жылдамдатады.

Құқықта ауытқушылық мінез-құлыққа қазіргі уақыттағы қабылданған құқықтық нормаларға қайшы келетіннің барлығын жатқызады және жаза қолдану арқылы тыйым салынады.

Қоғамдық қауіптілік деңгейіне байланысты қылмыс, әкімшілік және азаматтық-құқықтық деликт, тәртіптік теріс-қылықтар болып бөлінеді. Сонымен қатар қылмыс сипаты бойынша, тұлғаға қарсы қылмыстар, экономика саласындағы қылмыстар, мемлекеттік билікке қарсы қылмыстар, әскери қызметке қарсы қылмыстар, адамзат қауіпсіздігі мен бейбітшілікке қарсы қылмыстар.

Уақыт құқықтық ауытқулардың жаңа түрлерін туғызуда, мысалы, рэкет, ұйымдасқан қылмыс, қаржылық пирамида, хаккерлік, интернет-тәуелділік. Мұның өзі өз кезегінде заңнамаға үнемі өзгерістер енгізуді қажет етеді.

Ш.Е. Джаманбалаева девиантты мінез-құлықты «қоғамда ресми түрде қалыптасқан әлеуметтік нормаларды бұзатын өмір сүру образы және қызметі және ол үшін құқықтық және әлеуметтік санкцияға ұшырайды» деп атап көрсетеді [15, 10 б.].

Ал Д.К. Қазымбетова девиантты мінез-құлыққа мынандай анықтама береді: «жалпы қалыптасқан моральдық, құқықтық және басқада әлеуметтік нормаларға сәйкес келмейтін, тұлғаға, әлеуметтік топқа немесе жалпы қоғамға зиянын (немесе пайдасын) тигізетін өмір сүру образы немесе қызметі, сонымен қатар қоғамдық көзқараспен айыпталатын (немесе құпталатын) және келтірілген зияны үшін қоғамдық және әлеуметтік жауапкершілік құптауға алып келеді» [16, 20 б.].

Девиантты мінез-құлықты психологиялық жағынан терең зерттеген ресейлік ғалым Е.В. Змановская ауытқушылық мінез-құлықты негізгі үш топқа бөледі: антиәлеуметтік (деликвентті), асоциальді (аморальді) және аутодеструктивті мінез-құлық [17, 33 б.].

Антиәлеуметтік (деликвентті) мінез-құлық – құқықтық нормаға қарама-қайшы, әлеуметтік тәртіпке және адамдардың әл-ауқатына қауіп төндіретін мінез-құлық. Оған заңнамамен тыйым салынған барлық әрекеттілік немесе әрекетсіздік жатады.

Асоциальді мінез-құлық – адамгершілік-рухани нормаларды орындаудан бастарту, тұлғалар арасындағы қатынасқа қауіп төндіретін мінез-құлық. Ол агрессивті мінез-құлық, сексуалдық девиация (бейберекет жыныстық қатынасқа түсу, жезөкшелік, вуайеризм, эксгибиционизм және т.б.), ақшаға құмар ойындарды ойнауға қызығу, қаңғыбастық, арам тамақтық.

Асоциальді мінез-құлықтың шекарасы үнемі өзгеріп тұруға бейім болады, өйткені ол мәдениет пен уақыттың әсеріне жиі ұшырайды.

Аутодеструктивті (өзін-өзі құрту) мінез-құлық – тұлғаның дамуына қауіп төндіретін, медициналық және психологиялық нормалардан ауытқыған мінез-құлық. Өзін-өзі құрту мінез-құлық қазіргі уақытта мынандай түрде көрініс береді: суицидтік мінез-құлық, тамаққа тәуелділік, химиялық тәуелділік (психоактивті заттарды қолдану), фанаттық мінез-құлық (мысалы, діни секталарға ену), виктимді мінез-құлық.

Аутодеструктивті мінез-құлық жасөспірім кезеңінде топтық құндылықтармен сәйкес келеді. Жасөспірім араласатын топта келесідей аутодеструктивті мінез-құлықтар кездесуі мүмкін: есірткіге тәуелділік, компьютерге тәуелділік, тамақ аддикциясы, кейде суицидтік мінез-құлық.

М. Раттердің пайымдауынша, балалық кездегі девиантты мінез-құлық екіге бөлінеді: қоғамға қарсы мінез-құлықтың әлеуметтенген түрі және әлеуметтенбеген агрессивті мінез-құлық [18, 280 б.]. Бірінші топтағы балалар мен жасөспірімдер қоғамға қарсы топтарда жақсы бейімделіп, топтарда антиәлеуметтік әрекеттер жасайды. Ал әлеуметтенбеген агрессивті мінез-құлықтың өкілдері, керісінше өздерін қоршаған адамдармен және отбасымен тіл табыса алмайды және қарама-қайшы қатынаста болады. Оларға дұшпандық, жағымсыздық, кек сақтау қасиеттері тән болады.

Д.Н. Оудсхорн балалық шақтағы девиантты мінез-құлықты гипербеделді және антиәлеуметтік агрессивті мінез-құлық деп бөлуді ұсынады [19, 114 б.].

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықын зерттеген кезде олардың жасы мен жынысына да көңіл аудару қажет. Өйткені «ауытқушылық мінез-құлық» термині 5 жастан бастап қолданылуы мүмкін. Біз психологтардың 5 жасқа дейінгі балада әлеуметтік норма туралы түсінігі мүлдем болмайды деген пікірлерін қолдаймыз. Осы жаста оларға бақылау ересектердің көмегімен жүзеге асырылады. Тек 9-10 жастан бастап балада өз бетімен әлеуметтік нормамен жүре алатынын айтуға болады. Егер 5 жастан аспаған балада жас нормасынан көп ауытқулар болса, онда психикасының дұрыс дамымағандығынан көру керек.

«Ауытқушылық мінез-құлық» түсінігі көп жағдайларда бейімсіздік («дезадаптация») терминімен тығыз байланысты. Мектептік бейімсіздік құрылымына үлгермеушілік, құрбыларымен қарым-қатынастың бұзылуы, эмоционалдық өзгерістермен қатар, ауытқу-

шылық мінез-құлықта жатады. Оқушылар арасындағы девиантты мінез-құлық мектептік бейімсіздікпен байланысты болады. Оған тәртіп бұзушылық, сабақтан қашу, гипербеделді мінез-құлық, агрессивті мінез-құлық, темекі тарту, бұзақылық, ұрлық, өтірік айту.

Ал мектеп жасындағы әлеуметтік бейімсіздік белгілеріне мыналар жатады: психоактивті заттарды жүйелі пайдалану (арақ ішу, есірткі қолдану), сексуалдық девиация, жезөкшелік, қаңғыбастық, қылмыс жасау. Кейінгі уақытта оқушылардың ауытқушылық мінез-құлықтың жаңа түрлері пайда болды. Олар интернет-тәуелділікке, сериалдарға, діни секталарға, компьютерлік ойындарға тәуелділікпен байланысты.

Жоғарыда баяндалған көптеген авторлардың девиантты мінез-құлық туралы тұжырымдарын аталдау жасай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Тұлғаның девиантты мінез-құлық – бұл жалпы немесе ресми қабылданған әлеуметтік нормаларға сәйкес келмейтін мінез-құлық. Басқаша айтқанда, қолданыстағы заңға, тәртіпке, дәстүрге және әлеуметтік нормаларға сәйкес келмейтін әрекет. Девиантты мінез-құлықты ауытқушылық норма ретінде қарастырғанда әлеуметтік нормалардың өзгеріп тұратынын ұмытпаған жөн. Өйткені ауытқушылық мінез-құлыққа тарихи ауыспаушылық сипат тән болады. Мысал ретінде, темекі шегуге деген көзқарастардың мемлекеттердегі кезеңдерге байланысты өзгеруін айтуға болады. Соған байланысты, девиантты мінез-құлық – бұл сол уақыттағы сол қоғам үшін маңызды әлеуметтік норманы бұзу.

2. Девиантты мінез-құлық және оның көрініс берген тұлғасы басқа адамдар тарапынан жақтырмаушылық әрекет тудырады. Жақтырмаушылық әрекет қоғамдық айыптау немесе әлеуметтік санкция (оның ішінде қылмыстық жаза) түрінде болуы мүмкін. Мұнда санкция ең алдымен ауытқушылық мінез-құлықтың алдын алудың қызметін атқарады. Ал екінші жағынан, мынандай жағымсыз құбылысқа алып келуі мүмкін, яғни тұлғаның стигматизациясы – оған «таңба» тағу. Мысалы, жазасын өтеп келген адамның «қалыпты» өмірде «жаңа» өмірді бастауына оны қоршаған ортаның қабылдамауы және сенімсіздігі бөгет жасайды. Біртіндеп девиант (нашақор, қылмыскер, өзін-өзі өлтіру және т.б.) «таңбасы» қалыптаса бастайды және девиантты мінез-құлықтың рецидивін тудырады.

3. Девиантты мінез-құлықтың негізгі ерекшелігі, оның сол тұлғаға немесе оны қоршаған адамдарға нақты залал алып келетінінде. Ол қолданыстағы тәртіпті бұзу, материалды және моральді зиян келтіру, денсаулығына зиян келтіру, зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін. Ерекше жағдайларда девиантты мінез-

құлық өмір үшін тікелей қауіп-қатер туғызады, мысалы, суицидтік мінез-құлық, зорлық қылмыстар. «ауыр» есірткі түрін қолдану. Бұл белгі бойынша ауытқушылық мінез-құлық радикализм мен маргиналдық сияқты әлеуметтік құбылыстарға жақын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Downes D., Rock P. Understanding Deviance. Guide to the Sociology of Crime and Rule-Breaking. Third edition. Oxford University Press, 1998. P.VII, 1.
2. Жетписбаев Б.А., Бектенов О.А. Предупреждение административной деликтности несовершеннолетних: учебное пособие. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 196 с.
3. Рүстемова Г.Р. Медицина саласындағы қылмыстылық; адамның мүшелері мен тіндерін ауыстырып сату. – Алматы: Қазақстан Республикасы ПМ Академиясы, 2000. – 360 б.
4. Джаянбаев К.И. Криминология (курс лекций). – Б.: «Просвещение», 2003. – 382 с.
5. Коэн А. Исследование проблем социальной дезорганизации и отклоняющегося поведения // Социология сегодня: проблемы и перспективы. – М.: Прогресс, 1965. – 684 с.
6. Смелзер Н. Социология. М.: Феникс, 1994. – 688 с.
7. Гилинский Я.И. Девиантология: социология преступности, наркотизма, проституции, самоубийств и других «отклонений». 2-е изд., испр. и доп. – СПб.: Издательство Р. Асланова «Юридический центр Пресс», 2007. – 528с.
8. Султанова Н.З. Криминологическая диагностика поведенческих рисков (клинико-криминологическая оценка медицинского аспекта). // Казахстанский журнал международного права №4 (32). 2008. – С. 155-156.
9. Hess H., Scheerer S. Was ist Kriminalität? // Kriminologische Journal. 1997. Heft 2.
10. Гилинский Я.И. Девиантология: социология преступности, наркотизма, проституции, самоубийств и других «отклонений». 2-е изд., испр. и доп. – СПб.: Издательство Р. Асланова «Юридический центр Пресс», 2007. – 528с.
11. Жетписбаев Б.А., Айтпаева А.К. Концептуально-теоретические проблемы девиантного поведения и правовой социализации несовершеннолетних в Республике Казахстан. – Алматы, 2002. – 266 с.
12. Клейберг Ю.А. Психология девиантного поведения: Учеб. пособие для вузов. — М., 2001. – 160 с.
13. Социальные отклонения / Под ред. В.Н.Кудрявцева. — М., 1989.
14. Пригожин И. Философия нестабильности // Вопросы философии. 1991. № 6. С. 46-52.
15. Джаманбалаева Ш.Е. Социальные проблемы девиантного поведения. автореф... канд. социол. наук – Алматы, 1996.
16. Казымбетова Д.К. Девиантное поведение молодежи как объект социологического исследования: дис. канд. социол. наук – Алматы, 1999 – 165 с.
17. Змановская Е.В. Девиантология: (Психология отклоняющегося поведения): Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. — М.: Издательский центр «Академия», 2003. — 288 с.
18. Раттер М. Помощь трудным детям: Пер. с англ. / Общ. ред. А.С. Спиваковской; Предисл. О.В. Баженовой и А.Я. Варга – М.: Прогресс, 1987. – 424 с.
19. Оудсхорн Д.Н. Детская и подростковая психиатрия: Пер. с нидерланд. / Под ред. И.Я. Гуровича. — М., 1993. — 319 с.

Мақалада криминология көзқарасынан девиантты мінез-құлықтың ұғымы және негізгі сипаттамасы қарастырылған.

Түйін сөздер: девиантты мінез-құлық, криминология, әлеуметтік норма, девиация.

В данной статье рассматриваются понятие и основные характеристики девиантного поведения с точки зрения криминологии.

Ключевые слова: девиантное поведение, криминология, социальная норма, девиация.

This article discusses the concept and main characteristics of deviant behavior in terms of Criminology.

Keywords: deviant behavior, criminology, social norm, the deviation

Серікказы Күмісбекұлы Күмісбеков,

Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясының PhD докторанты, құқықтану магистрі, полиция майоры

Девиантты мінез-құлық ұғымы туралы

Кумисбеков Серикказы Кумисбекулы,

докторант PhD Алматинской Академии МВД Республики Казахстан, магистр юриспруденции, майор полиции

О понятии девиантного поведения

KumisbekovSerikkazy Kumisbekuly,

doctoral candidate of Almaty academy of Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, master jurisprudence, police major

On the concept of deviant behavior

